

^{*1}Жомарт Е.  ²Әбиденқызы А.  ³Қадыл Т. 

^{1,2,3}Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹silas.kaz.3@mail.ru, ²sagynysh.amirbekova@mail.ru, ³taldaobekashimhan@gmail.com

XVIII-XIX ҒАСЫРДА ІЛЕ ӨңІРІНДЕ БОЛҒАН ТАРИХИ Оқиғалар: Жетісу ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ІЛЕГЕ ҚОНЫС АУДАРУЫ ЖӘНЕ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ІЛЕГЕ ШАБУЫЛ ЖАСАУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада XVIII–XIX ғасырлардағы Іле өңірінің саяси жағдайы қарастырылған. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Цин (Чин) патшалығының құрамына енген Іле өңірінің әскери, әкімшілік жүйесінің қалыптасуы, стратегиялық маңызы таладанады. Цин билігі Іле өлкесін қорғау мақсатында түрлі этникалық топтардан құралған әскерлер орналастырып, шекаралық тәртіп пен ішкі қоныстану саясатын қатаң жүргізді. Жұмыстың басты мақсаты – Іле өңірінің XVIII–XIX ғасырлардағы саяси, этникалық және әскери-әкімшілік тарихын ішкерлей зерттеу арқылы, қазақ халқының осы өлкедегі ықпалын, қоныстану үдерісін көрсету. Зерттеу әдістері – тарихи-хронологиялық әдіс: Іле өңірінің саяси-әлеуметтік тарихын кезең-кезеңімен жүйелеу үшін пайдаланылды; деректану әдіс: архивтік құжаттар, патшалық Ресейдің статистикалық мәліметтері, Цин патшалығының орда естеліктері, ресми хаттамалар; салыстырмалы талдау: түрлі ғалымдардың (Қазақстан, Ресей, Қытай, Еуропа, АҚШ) зерттеулеріне сүйену. Мұрағаттық және дерекнамалық әдіс: Іле өңірі туралы зерттеушілердің жазбаларын талдау. Статистикалық талдау әдісі: Іле өңіріндегі халық санағы негізінде этникалық құрам, отырықшы мен көшпелі халықтар арақатынасы статистикалық негізде қарастырылды және көші-қон үдерістерінің сандық сипаттамасы берілді. Міндеттерге, Іле өңірінің тарихи геосаяси жағдайын сипаттау; Цин патшалығының Іле өңіріндегі әскери-әкімшілік құрылымдарын нақтылау; Қазақтардың Іле өңіріне қоныстану себептері мен кезеңдерін (1830–1871 жж.) анықтау; Іле сұлтандығының құрылу тарихын, этникалық құрамын және әлеуметтік-саяси құрылымын сипаттау; Патшалық Ресей мен Цинь империясы арасындағы Іле аймағын сату және сатып алу келісімін талдау. Зерттеудің нәтижелерінде, Іле өңірінің XVIII–XIX ғасырлардағы тарихи тағдыры – Жоңғар хандығының күйреуінен бастап Цинь империясының отарлау саясатына дейінгі аралық нақты сипатталды. Іле генерал мекемесінің құрылуы, оның билік құрылымы, басқару әдістері мен отарлық саясаты архивтік және деректік материалдар арқылы ашып көрсетілді. Қазақтар мен қырғыздардың Ілеге көшуі мен қоныстануының саяси және этникалық астары ашылды. Іле сұлтандығының құрылуы, халық құрамы мен оның күйреу себептері жүйеленіп берілді. Қазақтардың Іле өңіріндегі рөлі мен ықпалы, Іле көтерілісі кезіндегі іс-әрекеттері нақты деректер арқылы дәлелденді. Патшалық Ресей мен Қытай империясының ықпалы арасындағы жергілікті саяси динамика мен жер дауы айқындалды. Тарихи тұлғалардың (Саурық, Жетен, Балбай, Дүрәлі) ұлт-азаттық күрестегі орны дереккөздер негізінде көрсетілді.

Кілт сөздер: Іле өңірі, Цин империясы, патшалық Ресей, қарауыл қалмақтар, Іле сұлтандығы, Жетісу қазақтары, Өөлт қалмақтар, Шахар қалмақтар, Торғауыт қалмақтар, Текес.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Орталық Азия мен Қытайдың көпжақты ынтымақтастығы: әрекеттестіктің алғашқы кезеңінен бастап стратегиялық серіктестікке дейін» ЖТН: BR24993008 атты мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалған.

Кіріспе

Іле өңірі – Қытайдың батыс өңіріндегі стратегиялық маңызы зор, табиғи-географиялық және тарихи-саяси тұрғыдан аса құнды аймақтардың бірі. Бұл өлке ежелден бері үйсін-түркі және моңғол тектес көшпелі халықтардың қоныстану, өзара ықпалдасу және қақтығысу алаңы болған. Әсіресе XVIII ғасырдың ортасынан бастап яғни Жоңғар хандығы жойылып, Іле аймағы Цин (Чин) патшалығының қол астына өткеннен кейін бұл өңірде түбегейлі саяси-әлеуметтік өзгерістер басталды. Қытайдың бұл аймақтағы отарлық саясаты жаңа әкімшілік құрылымдардың пайда болуына жол ашты. Сонымен бірге әскери бекіністерді нығайтып, өзге этностарды (мәселен, тараншы, дүңген, сібе, солон, шахар қалмақ, торғауыт-қалмақ) қоныстандыру арқылы қазақ елімен болған шекара қауіпсіздігін күшейтті. Бұл халықтар Ілеге барған қазақтардың жағдайына үлкен әсер етті. XIX ғасырдың ортасында Ресей империясының Жетісу бағытына қарай кеңеюі Іле өңіріндегі саяси ахуалды одан әрі күрделендірді. Бұл жағдай қазақтардың Ілеге қоныс аудару үдерісін жеделдетіп, Іле бойында әлеуметтік, этностық және саяси қатынастар шиеленісе түсті. Қазақтардың өз жерінде қысымға ұшырауы, жайылым тапшылығы, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық көтеріліс жасауы, патшылық Ресейдің мұздай қаруланған жасағына төтеп бере алмай кері шегініп Ілеге өтуіне алып келді. Қазақтардың Ілеге баруы ондағы тараншы-дүңгендердің Цин билігіне қарсы көтерілуіне күш берді. Бұл көтеріліске қазақтардың да қатысуы – Іле сұлтандығының құрылуына жол ашты. Осы мақалада XVIII-XIX ғасырларда Іле өңірінде болған тарихи үдерістер мен оқиғалар кеңінен талданып, Іле өңірінің саяси жағдайы, ондағы қазақ халқының орны мен атқарған рөлі ғылыми тұрғыда қарастырылады. Мақсат – Іле өлкесінің қазақ тарихындағы маңызын ашып көрсету, әрі олардың отаршылдыққа қарсы күрестері талданады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеу жұмысы бүгінде Қытай Халық Республикасының құрамындағы Іле өңірінің XVIII–XIX ғасырлардағы тарихи-саяси жағдайын, Цин (Чин) патшалығының әкімшілік басқару жүйесін, этнодемографиялық өзгерістерін және қазақ халқының Іле өңіріне қатысты көші-қон, саяси, әскери іс-әрекеттерін тарихи дереккөздер мен ғылыми еңбектер негізінде талдауға арналған. Зерттеу барысында төмендегідей материалдар мен әдістер қолданылды: Мұрағаттық және жазбаша тарихи деректер: Цин патшалығының ресми орда естеліктері (Гаузұң, Рын Зұң патшаның орда естеліктері); Шыңжаң университеті мен Шыңжаң халық баспасынан шыққан өңірлік тарих кітаптары («Шыңжаңның жергілікті тарихы», «Іле көркі»); Цин дәуірінің әскер құрылымы мен шекара саясаты туралы қытай тіліндегі еңбектер (Уың Уыну, У Шу); Қазақ тарихшыларының еңбектері (Жүнісұлы Жақып, Мұқаметқанұлы Нәбижан, Мәшірепұлы Мұратәлі және т.б.); Патшалық Ресейдің мұрағаттық құжаттары мен саяси-шолу жазбалары (Аристов Н., Джамгерчинов Б., Колпаковский, Пантусов және т.б.); Бұдан сырт Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұралары да тиісінше пайдаланылды. Зерттеу әдістері: Тарихи-ғылыми талдау әдісі арқылы оқиғалар желісі мен себеп-салдар байланыстарын талдау; Түрлі дереккөздерді салыстыра отырып, шынайы тарихи картинаны қалыптастыру. Салыстырмалы әдіс арқылы Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынасты салыстырмалы түрде зерттеу; Қалмақтар мен қазақтар арасындағы әскери қақтығыстар мен олардың нәтижелерін өңірлік тұрғыда қарастыру. Картографиялық-географиялық әдіс арқылы қазақ руларының көші-қоны мен қоныстанған аумақтарын картаға түсіру; Тарихи шекаралар мен әскери бекіністердің орналасуын географиялық тұрғыдан талдау. Этнографиялық-антропологиялық әдіс арқылы қазақ, ұйғыр, дүңген, қалмақ, сібе және солаң халықтарының өзара қарым-қатынасын, қоныстану және мәдени ерекшеліктерін зерттеу; Іле өңіріндегі көпұлтты қоғам құрылымын этникалық тұрғыдан бағамдау. Мәтіндік контентті талдау әдісі арқылы қытай, орыс, қазақ тіліндегі тарихи құжаттарды мәтіндік сараптау арқылы нақты деректерді анықтау; Тұлғалық

деректер мен тарихи оқиғаларды жүйелеу. Сонымен қатар аталған тақырып бойынша тарихшылардың, шығыстанушылардың, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың осы саладағы еңбектері қарастырылды.

Талқылау

Тақырып Қазақстанда да, Қытайда да, Ресейде де және Батыс Еуропадағы зерттеушілер тарапынан кең қарастырылған. Нәбижан Мұқаметханұлы «Қытайдағы қазақтар», XIX ғасырдағы Қазақ–Қытай қатынастары, Цин империясының әкімшілік жүйесі, Іле генерал-губернаторлығы, қазақтардың көші-қоны және саяси қарым-қатынас туралы ең кең еңбектердің бірі. Жақып Мырзахан өзінің «Қазақ-қытай саяси қатынастарының тарихы» кітабында көне дәуірден XX ғасырға дейінгі байланыстарды, соның ішінде Іле мәселесін архивтік деректермен талдаған. Мұратәлі Мәшірепұлы Іле аймағындағы қазақтар, Іле сұлтандығы, Тараншы–дүңген көтерілістері туралы еңбектері бар. Талас Омарбеков, Зардыхан Қинаятұлы – Жоңғарияның күйреуі, Цин отарлауы және Жетісу қазақтарының оңтүстік-шығыс бағыттағы қоныс аударуы туралы жан-жақты зерттеулер жүргізген. Камал Әбіжан, Б. Көмеков, Х. Әбжанов – Цин дәуірі, қазақ шекарасы, қазақ-қалмақ қатынастары жайлы еңбектер. Шоқан Уәлиханов – «Жоңғария очерктері», «Ыстықкөлге саяхат», «Қырғыз-қазақ далалары туралы» Іле өңірінің этнографиясы мен саяси жағдайына алғашқы ғылыми сипаттама берген. Н.А. Аристов – «Түркі халықтарының этникалық құрамы» Жетісу, Іле өңірінің ру-тайпалық құрылымы, қазақтардың қоныстануы туралы маңызды деректер берген. Б. Джемгерчинов – Жетісу мен Іле бойындағы орыс әкімшілігінің бақылау жазбаларын жасаған. Г. Колпаковский – Жетісу облысының әскери губернаторы өз есептерінде Іле көтерілісі, Тараншы–дүңген оқиғалары, қазақтардың Ілеге өтуін жан-жақты сипаттаған. Е.П. Михаэлис, И.А. Владыкин, П.И. Пашино – Жетісу аймағының этнографиясы, әкімшілік-саяси тарихы, Ресей–Қытай шекарасы туралы еңбектер қалдырған. Уаң Уэнью (王文宇) – «Шыңжаң тарихы» (新疆史) Ыстықкөл–Іле аймағындағы Цин әкімшілігі, Іле генерал мекемесі, әскери құрылымдар туралы толық мәлімет береді.

У Шу (吴树) – Цин дәуіріндегі шекара бекіністері, сегіз жалаулы әскер, Іле аймағындағы қалмақтар мен тараншылардың қоныстануы туралы зерттеген. «Іле хронографиясы» (《伊犁志》), «Шыңжаңның жергілікті тарихы» (《新疆通志》) – Іле өңірінің әкімшілік, демографиялық, әскери тарихына арналған классикалық қытай дереккөздері.

Джонатан Спенс (Jonathan Spence) Цин империясының құрылымы мен шекара саясаты туралы еңбектері Іле өңірінің әкімшілік жүйесін талдауда маңызды. Питер Перду (Peter Perdue) «China Marches West» Жоңғария мен Цин империясының қақтығысы, Іленің геосаяси маңызы, қазақ-қалмақ қатынастары жөнінде ең беделді зерттеу.

Мақалада Іле өңірінің XVIII–XIX ғасырлардағы тарихи дамуын, ондағы саяси, этникалық және әлеуметтік өзгерістер жан-жақты қарастырылды. Цин империясының жоңғар хандығын жойып, Іле аймағын өз билігіне қаратқаннан кейінгі жағдай нақты деректер арқылы сипатталды. Бұл кезең – қазақ халқы үшін өте маңызды тарихи бетбұрыс, өйткені жоңғарлардан босаған жерлерге қазақ рулары қайта қоныстанып, шекаралық аймақтарда жаңа саяси-этникалық қатынастар қалыптаса бастады. Мақалада Цин үкіметінің Іле өңірін басқару жүйесі, атап айтқанда Іле генерал-губернаторлығының құрылуы мен сегіз жалаулы әскер жүйесінің енгізілуі туралы тың мәліметтер келтірілген. Бұл құрылымдар арқылы Қытай империясы аймақтағы үстемдігін нығайтуға тырысқаны байқалады. Алайда, Іледегі мұсылман халықтарының бұл саясатқа қарсы күресі де мақалада кеңінен көрініс тапқан. Саурық, Жетен, Дүрәлі сынды қазақ батырлары мен отарлық билікке қарсы қозғалыстары атап өтілді. Жетісу жерінде патшалық Ресейге қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің ұлттық сипатқа ие болғаны, сондай-ақ Іле көтерілісінің туылуы және Іле

сұлтандығының құрылуы – мақаладағы басты назар аударуға тұрарлық тарихи оқиғалар. Мақаланың құндылығы – оның тарихи дереккөздерге сүйенуі мен қазақ халқының мүддесі тұрғысынан мәселені қарастыруында. Қазақтардың Іле өңіріне қайта оралуының тек көші-қон мәселесі ғана емес, сонымен қатар ұлттық мүдде мен тарихи атамекенге қайта қоныстанудың бір қыры екені көрсетілді. Іле өңірі – тек географиялық аймақ емес, сонымен бірге отаршылдық пен азаттық жолындағы тарихи шайқастардың арена болғаны мақалада нақты айқындалады.

Зерттеу нәтижелері

Бүгінгі күні Қытай Халық Республикасының құрамындағы Іле өңірінің тарихы тым арыда жатыр. Бұл өлкені екі жарым мың жылдан бері қарай үйсін-түркілер мекендеді. Олардан кейін де көптеген халықтарға мекен болып, тағдыры таласқа, тарихы талқыға айналып келді. Бұл өлкедегі Алмалық қаласы XIII ғасырда Шағатай хандығының орталығы болса, XIV ғасырда Моғолстанның астанасы болды. XV-XVII ғасырлар аралығында Қазақ Хандығының құрамында болды. XVII ғасырда Жоңғарлардың бақылауына өтіп, ордасын тіктеді. XVIII ғасырдың екінші жартысында жоңғар қалмақтарына батыстан қазақтар шабуыл жасады. Ал шығыс жағынан 1758 жылы Жау Хуей генерал бастаған Цин армиясы соққы берді. Жоңғар хандығындағы 600 мың халықтың 30%-ы ғана тірі қалған. Қазақ Хандығы мен Цин патшалығының түйіліскен тұсынан Жетісу жері екіге бөлініп, батысы Қазақ хандығына, шығысы (Іле өңірі) Цин билігіне тәуелді болып, шекара келісімі жасалды.

Цин патшалығы қазақтармен шекаралас өңірлердің қауіпсіздігіне қатты көңіл бөлді. 1762 жылы Цин патшалығы Іле өңірінде Іле генерал мекемесін құрып, әскери штабын Қорғасқа тіктеді. Қалың әскерін қаруландырып, Ілені қорғауға орналастырды. Іленің XVIII ғасырдың екінші жартысындағы саяси жағдайы былай еді: Қытай тарихшысы Уын Уынудың айтуынша, Іледегі Чиң патшалығының әскер саны 20-30 мың адам болған екен.

Бұл әскерлер негізінен «сегіз жалаулы және жасыл жалаулы» болып екі топқа жіктелді. Бұдан басқа қорғаныс әскерлері және ауыспалы қорғаныс әскерлері деген армиясы болды. Сегіз жалаулы әскерлер негізінен манжулардан, қалмақтардан, сібелерден (шибе, шибо), соландардан (дағұр) құралған қосын еді. Жасыл жалаулы әскерлері қытайлардан құралған. Ауыспалы шекара қорғаныс әскерлері үш жылда немесе бес жылда ауыстырылды. Чиң патшалығы бұрынғы жоңғарлардың өріс өңірлерінің барлығы өзіме тәуелді болады, бірақ қазақтар сұғынып кірмейді деуге болмайды деген оймен, Тянь Шанның солтүстік аяғынан оңтүстігіне қарай көлбеген тау сілеміндегі қатынас жолдарына, тау асуларына қарауыл орнатып, белгі қойып, сол жерлерде қазақтардан сақтанатын әрі сыртқы жауды барлайтын ереже орнатқан (Мұқаметқанұлы, 1997:52-53).

Тарихқа көз жіберсек, Іле өңірі Жоңғар халқының қорғаны болған. Цин империясы Жоңғария мен Қашқарды жаулап алғаннан кейін Іле шекаралық аймақ (фанбу 藩部) ретінде пайда болды. Сол арқылы тұтас Шыңжаңды бақылайтын Іле әскери генерал-губернаторлығы құрылды. Маньчжур және моңғол сегіз жалаулы гарнизондары (Хуэйюань қаласында орналасқан 4240 адам, Хуин қаласында 2144 адам) және жасыл жалаулы әскерлер (оның ішінде Люин 3000 адам), 1837 чахар моңғол, 1018 сібе және 1018 солон, 1200 ойрад моңғолдары Іле төңірегіне орналасты. Олар өз орындарында оккупация күштері ретінде қызмет ету үшін жасалды (Wang, 1993:100).

Чиң патшалығы үкіметі 1762 жылы Іленің генералы етіп Мин Руиды сайлады. 1767 жылы Мин Руидің орнына Агуиды тағайындады. 1768 жылы Агуидың орнына И Лету сайланды. Осылайша, Ілені 1762 жылдан, 1911 жылға дейін 51 генерал басқарды.

Қытай деректеріне қарағанда, Цяньлунның (Чиянлұңның) 25 жылы (1760 ж.) ақылшы Әнби Агуй Іленің іс басқару басшылығына тағайындалады. Іле тұтас Шинжиянның орталығы болып, әскери мекеме құрылды. Сүйдін, Күре, Баяндай қатарлы 9 ірі әскери бекініс салынып, әкімшілік құрылым қалыптасады. Іле Шыңжаңдағы әскер саны ең көп орын болды.

1764 жылы қиыр шығыстан 4 мың сібені (маньчжу-тұңғұс тілдес ұлт) Ілеге көшіріп әкеліп, шекара күзетуге қойды. Цяньлунның (Чиянлұң) 25 (1760) жылы Оңтүстік Шыңжаңның Ақсу, Хотан, Құмыл, Тұрпан қатарлы жерлерінен ұйғырларды Ілеге көшіреді (Іле көркі, 1990:339). Осы мезгілдерде Ішкі Моңғол мен Цинхайдан (Qing hai) бірнеше мың шахар қалмақтарын да Іле мен Бұраталаға көшіріп, шекара қарауылдығына қойды. 1771-1775 жылдары Еділ бойынан 15 мың түтін торғауыт қалмақтары Шыңжаңға көшіп келеді. Іледегі сегіз жалаулы әскерлер мен жасыл жалаулы әскерлердің жалпы саны 14 мың адам болды. Демек, 1780 жылдары Іледе әскер саны 14 мың, ойрат, торғауыт, шорас, шахар қатарлы қалмақ тайпаларының жалпы саны 60-70 мың адам, сібе, солаң, маньчжу, қытайлар 5-6 мың, тараншылар (ұйғырлар) 20 мың, жалпы 100 мыңнан астам халық тұрып жатты.

Цин патшалығы Цяньлунның (Чиянлұң) 33 жылы (1768 жыл) Оңтүстік Шыңжаңнан Ілеге келген ұйғырлардың саны 6383 түтінге жеткен. Олардың 600 түтіні Қайнұққа, 1100 түтіні Борбосынға, 900 түтіні Жырғалаңға, 400 түтіні Тасөстеңге, 600 түтіні Арөстеңге, 600 түтіні Байтоғайға, 800 түтіні Қонақайға, 500 түтіні Дардамтыға қоныстанды (Шыңжаңның..., 1992: 44). Сонымен бірге Жаманты, Қараүстең, Қонақай, Қорғас, Чұлұқай, Қас, Сүптай, Ұлантай қатарлы жерлерге де орналастырып, егін ектіреді. Әр түтінге жылына 148 пұт бидай, бір қой салығын жүргізеді. Оның сыртында Қытай әскерлерін отынмен және көрпе, киім-кешекпен қамдау міндеттеледі. Қашқандарына өлім жазасын кесті. Іледегі жерлік қалмақтар оларды «тараншы» (егінші) деп атаса, қытайлар «чанту» (缠头) деп атады. Осылайша Іледе тараншы қауымы қалыптасты.

Цин үкіметі Қорғастан ары қарайғы (шығысқа қарай) елді өз адамдары ретінде «Қарауыл ішіндегілер» деп есептеп, өздерінің заң-ережелері арқылы басқарып, салық алып тұрды. Қорғастан батысқа қарайғы елді «Қарауыл сыртындағылар» деп есептеді. Цин билігі қарауыл сыртындағылар (қазақтар) «Ілеге шабуыл жасауы мүмкін», – деп қауіптеніп, қарым-қатынас жасағанда өте сақтықпен қарап, Іленің қорғаныс шебін күшейтті. Тіпті қазақтардың «қарауыл ішіне» (Ілеге) кіруіне қатаң тыйым салды. XVIII ғасырдың ортасында жасасқан қазақ-қытай шекара келісімдері өз күшін жоймады. 1766 жылы жетісулық Татабай бастаған 11 қазақ Цин үкіметінен Ілеге барып қоныстануды сұраған. Іле генерал мекемесі олардың келуіне жол бермейді. Яғни бұл қазақтарды Ілеге орналастырсақ, басқа қазақтардың арасынан да Ілеге қарай көшіп келетіндері көбейеді. Жерімізге келген қазақтарға жаза қолданайық десек, олар топтасып келіп бізден кек алады әрі екі ел арасындағы сауда тоқтайды деп есептеген. Осы деректерге негізделіп, XVIII ғасырда Цин билігі қарауыл сыртындағы қазақтарды өте қуатты күш ретінде бағалағаны байқалады.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ хандығы мен Цин патшалығының арасындағы сауда-экономикалық байланыс жақсарды. Қара Төлеш деген кісі бастаған Атбан (Албан), Су Уаң (Суан) атты Ғтық (ру) адамдарының 1762 жылы қыркүйек айының 10-12 күндері Ілеге 1300, Үрімжіге 4200 жылқы әкеліп жасаған саудасы айта қаларлық үлкен сауда болған (Жүнісұлы, 2004:192). Қазақ хандығы мен Цин патшалығы шекара сызығын анықтаған соң, екі елдің арасында XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталған сауда-экономикалық байланыс ұзаққа созылды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қарқара жәрменкесі ашылып, XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін жанданды.

Цин патшалығы ордасы 1805 жылы шекара қорғаныс ұлықтарына: «бұрынғы Цяньлун патшаның 60-шы жылғы (1795 жылы) жылжымалы қарауылдың ішкі жағындағы бірнеше он шақырым жер қазақтардың қыстауына бекітілсін, сонымен бірге олардың талабы бойынша үлкенді-кішілі қарауылдың сыртындағы жүз неше түтін қоныстанатын жер қазақтардың қыстаулығы мен күзеулігіне берілсін. Осы арқылы біздің оларға қаратқан қайырымдылығымызды білдіру керек» (Чин патшалығы..., 1995: 20-21), – деген бұйрығын негізге алып, XIX ғасырдың бірінші жартысында Жетісу қазақтарынан Қабанбай Садыұлы, Бұқарбай (Бұқа) Қабанбайұлы, Бекмырза Қауменұлы, Дадай Алжанбайұлы, Едіге Дүңкебайұлы қатарлы би-батырлар бастаған біраз ел бастабында Іленің Шапшал, Тоғызтарау өңіріне мал отарлатып

келген. Одан кейін 1862 жылы Саурық батыр бастаған қазақтар Іледегі қалмақтарды талқандаған соң Күнес, Нылқы, Тоғызтарау, Текес өңірлеріне де жайғасқан.

1850 жылға қарай Цин империясының Ресеймен қарым-қатынасы күрт өзгерді: енді үстем күш Ресей еді. 1727 жылғы келісім бойынша екі империя арасындағы бүкіл сауда тек Байқал көлінің оңтүстігіндегі Кяхта қаласы арқылы өтуге тиіс болатын. Алайда, 1840 жылға қарай Ресей саудагерлері Шыңжаңда рұқсатсыз-ақ сауда жүргізіп жатты. Бұл әрекет 1851 жылы жасалған Құлжа келісімі арқылы ресми бекітілді: Ресей көпестері Іле аңғарында еркін сауда жасау құқығына ие болды, сонымен бірге Ресейге Құлжа мен Тарбағатайда (Шәуешекте) консулдық ашуға рұқсат берілді (Халид, 2025:88). Сол арқылы Ресей империясы керуен жолдарын қорғауды желеу етіп, Жетісудың әр жеріне бекініс салды.

1860 жылдан бастап Жетісу жерінде патшалық Ресейдің билігін мойындамай, оларға қарсы көтеріліс жасаған Саурық, Жетен батырлар бастаған қазақтар Ілеге қарай үдере көшті. Бұл туралы жазбаша жеткен мәліметтерде былай дейді: «1865–1866 жылдары, орыс әкімшілігінің 1866 жылғы ресми мәліметіне қарағанда, Алатау округінің 841 түтіні Қытайға өткен. Олардың арасында Албанның Саурық, Малабай, Жетен (500 түтінмен өткен) батырлары, Еспер, Қасаболат, Әліке биі, Суанның Өстемір биі, Тезек төренің бауыры Дүрәлі сұлтан, қырғыздың Бұғы руының Сабатар молдасы болған. Құлжаға қарай өткендердің жалпы саны 5500-дей түтінді, 23340 адамды құраған» (Аристов, 1871).

Тезек төре 1865 жылы Алатау округінің бастығына бірнеше рет қайырылып, қазақтардың Қытайға өтіп кетуін тоқтату үшін Алтынемелге отряд жіберуді өтінген болатын. Ол Дүрәлі сұлтан мен Жетен батыр бастаған Албанның 3000 түтіні Қытайға көшіп кеткенін және мұнда қалған ауылдарды да өздеріне қосылуға шақырып жатқанын айтқан. Шекаралық отрядтарға қазақ-қырғыз ауылдарының Ілеге өтуіне жол бермеуге бұйрық берілді. Бұған қарамастан, Албан Саурық батыр және Дүрәлі сұлтан, Бұғының Балбай манабы бастаған қазақ, қырғыз қолы көшуді жалғастырды (Джамгерчинов, 1966:271). Анығында, Саурық батырдың Ілеге өтуі 1860 жылдары да болған. Қытайдың жазбаша деректерінде 1862 жылы Саурық батырдың аты аталады. 1862 жылы Айт, Бозым, Алжан, Сегізсары рулары атынан Саурық Түменбайұлы бастап 12 адам қол қойып, бармағын басады. Араларында 5 ақалақшы бар. Олардың хатталған аты төмендегідей: Назардыңұлы Қожақ (Қожеке – авт.) ақалақшы, ақалақшы Қабанбайдыңұлы, Жәнібектіңұлы Жанат, ақалақшы Түстікбайдыңұлы және Смайыл ақалақшы (Іле тарихы, 2014:141). Оларға ақалақшылық (болыстық) мәнсап Цинь патшалығы жағынан берілген. Қатысқан 5 ақалақшының (болыс) арасынан Назардыңұлы Қожақ (Қожеке), Жәнібектіңұлы Жанат, Сымайыл қатарлы үш ақалақшы өз аттарынан қол қойған. Ал ақалақшы Қабанбайдыңұлы, ақалақшы Түстікбайдыңұлы қатарлы екі ақалақшы өз аттарынан емес, әкесінің (әкелері Қабанбай, Түстікбай) атынан қол қойған.

«1865 жылы Текестегі қалмақтар қытайларға көмектескені үшін қазақ, қырғыздардың араласуымен көтерілісшілер тарапынан талқандалып, 2000-ға жуық түтін орыс үкіметінен жәрдем сұрап, пана іздейді. Қалмақтардан қалған бос жерлерді 1864-1865 жылдары орыс билігіне бойсұнбаған жетісулық Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар иеленді» [8. 208 б.], – дейді. 1760–1860 жылдар аралығында Іле өлкесінде 100 мыңға таяу қалмақтар болған. Қазақтар Іле өңіріндегі қалмақтарды түре қуып, Күнес өзенінің басынан Жұлдызға (Байынғолин моңғол автономиялы облысы, Хыжиң ауданы) асырады. Іледегі қазақ-қалмақ соғысында жеңілген қалмақтар патшалық Ресейден көмек сұраған. Бұл туралы архив құжаттары былай дейді: Қырғыздар мен Ұлы жүздің албандары қалмақтарды тонап, талағаны соншалық, олар (қалмақтар) біздің иелікке келіп, бас сауғалап өтіп кетті. 1000 қалмақ Верный төңірегіне орналасты (Колпаковский, 1985:270), – делінсе, Шоқан Уәлиханов 1864 жылы 27 желтоқсанда: «қазақтар Текес өңірінде көшіп жүрген қалмақтарды мүлдем құртып жіберіпті», – деп мәлімет қалдырады.

Ілеге өткен қазақтар ондағы қалмақтарға үздіксіз шабуыл жасап тұрған. Іледегі қалмақтардан 12 сұмын ел Жұлдызға (Іленің шығысы) қашқан. Ал 8500 адам Бұратала

өңіріне (Іленің солтүстігі) қоныс аударған. Осы реткі соғыста 50 мыңдай қалмақ жан-жаққа босып кеткен. Патшалық Ресей үкіметі 1864 жылы қазақтардың соққысынан жан сауғалап қашқан 240 түтін (1000 адам) қалмақты Верный (Алматы) маңына орналастырады. Бүгінде Қырғызстанның Ыстықкөл облысы, Ақсу ауданында 15 мыңдай сарт-қалмақ руы тұрады. Өздерін Жоңғар одағының Өөлд тайпасының өкілдері екенін, Қырғызстанға 1864-1865 жылдары келгендігін айтады.

Қазақтар мен қырғыздардың Іледегі қалмақтарға шабуыл жасап, күйрете соққы беруі – бұрын қалмақтардан көп қорлық көріп, қарсылық танытуға дәрменсіз болып келген тараншылар (ұйғырлар) мен дүңгендердің Цин билігіне қарсы бас көтеруіне жол ашты.

1864 жылы Іледегі тараншылар (ұйғырлар) мен дүңгендер Цин үкіметінің билігіне қарсы көтерілісті бастады. Бұл көтеріліске қазақтар да қатысып, ат-көлікпен және қарулы жасақпен қамдады. 1864 жылы 6 маусымда Іледегі тараншы (ұйғыр), қазақ, дүңген қатарлы ұлттар Цин билігіне қарасты Құлжа қаласын басып алды. Тараншы жасағын Абдурасул-бек және Садыр палуан мен Әлахан басқарды. Қазақ жасағын Саурық, Жетен, Кезеңқара және Дүрәлі сұлтан басқарды. Қазақ жасағы Цин империясына жақтасқан азулы қалмақтарға соққы беріп, тараншы мен дүңгендерге атты жасақпен көмектесті және ат-көлікпен қамдады. Ал, дүңген жасағын Ачжы ахун ұйымдастырды. Көтерілісшілер 1866 жылы 8 наурызда Іле генералы Мин Шүйдің қызмет орнына басып кіріп, қызметтестері және бала-шағасымен бірге өлтіреді. Мин Шүйдің алыдында Іле генералы болған (1860-1864 жж.) Шаң Шинды тұтқындайды. Іле көтерілісі туралы Шоқан Уәлиханов: қазақтар мен қырғыздардың дүңгендерге ат және жігіт беріп көмектесіп жатқанын айта келіп, Жетен батыр, Дүрәлі сұлтан, Кезеңқара батыр және қырғыздардың бұғылары көтерілісшілерді қолдап жатқанын жазған (Колпаковский, 1985: 172).

Цин үкіметі 1866 жылы Ілені бақылаудан шығарып алды. Осы жылы Іле сұлтандығы толық билік жүргізіп, орталығы Құлжа қаласы болды. Іле сұлтандығын 1864-1865 жылдары Мазамзат, 1865 жылы Мұхамбет поши Қожа, 1865-1867 жылдары Шаукаат ахун, 1867-1871 жылдары Әлахан Әбілұлы биледі. 1867 жылы Құлжа маңында Әлахан бастаған тараншы-ұйғырлар мен Жетен батыр бастаған қазақтар бірігіп, Әжі-ахун бастаған дүңгендермен соғысып, жеңіске жетеді. Соғыста Әжі-Ахун қаза табады. Ел арасында «дүңгеннің дутыңы мерт болған соғыс» деп есте қалған. Дүңген қолбасшысы Хиуаса Үрімжіден тағы да дүңген күштерін әкелгенімен, Баяндай маңында Жетен батыр мен Әлахан және Садыр палуанның біріккен жасағынан ойсырай жеңіледі.

1866 жылғы солтүстік Шыңжаңда «Іле сұлтандығы», 1867 жылы Оңтүстік Шыңжаңда «Жетішар» (Жетіқала) мемлекеті құрылды. Түркі тілдес мұсылман халықтардың арт-артынан мемлекет құруы патшалық Ресей мен Цин патшалығының қарым-қатынасына өзгерістер ала келді. Цин патшалығы мен патшалық Ресей арасындағы сауда тоқтады. Екі ел жасасқан келісімдердің кейбіреуінің күшін жойды. Ресейдің Құлжадағы консулы жабылды.

Іле сұлтандығының негізгі халқын тараншылар (ұйғыр), қазақтар, дүңгендер, қырғыздар және қалмақ (торғауыт, өлт, шахар), сібе-соландар құрады. Іле сұлтандығының жер көлемі (Бұраталаны қоса есептегенде) 85 мың шаршы шақырымнан астам, жан саны 130 мыңдай болды. 1876 жылғы статистикаға қарағанда, Іледе тараншылар (ұйғыр) 51819 адам, қазақтар 33828 адам, сібелер 18318 адам, дүңгендер 4031 адам, қытайлар (ханзу) 2847 адам, торғауыт-ойрат қалмақтары 15940 адам, соландар 767 адам болып, жалпы халықтан 82 142 адам отырықшы ретінде тіркелсе, 49 786 адам көшпелі ретінде тіркелген (Пантусов, 1881: 21). Мұндағы көшпелі халық ретінде тіркелген 49 мың 786 адам қазақ, қалмақ және қырғыздардан құрам тапқан. Пантусовтың тағы бір дерегінде, Шахар қалмақтары 1836 түтін (5548 адам), қазақтың Суан руы 1903 түтін, найман Байжігіт руы 1213 түтін, найман Қызай руы 1598 түтін, албан Қоңырбөрік руы 867 түтін, албан Сегізсары руы 980 түтін, албан Айт-Бозым руы 947 түтін, жиыны албан тайпасынан 2794 түтін болып, жалпы қазақтар 7508

түтін, ойрат-қамақтан 17826 адам тіркелген. Мұнда Бұратала бетінде отырған Найманның Байжігіт руы мен Қызай руын да қоса есептеген.

1878 жылы бірнеше мың қазақ, қырғыз малшыларының Іленің шекара өңірлерінен Тянь Шань (Тәңіртау – авт.) орта бөлегіндегі моңғолдардың малшаруашылық жерлері Жұлдыз сахарасына көшіп барғандығы, Цин патшалығының қатысты ұлықтарының оларға осы жерде мал бағуға рұқсат еткендігі хатқа түскен. Демек, қазақтар Іледен ары өтіп, торғауыт-қалмақтардың жері Жұлдызға дейін аяқ басқанын аңғаруға болады.

Шахар қалмақтары 1762-1764 жылдары Ішкі Моңғолдан келген. Негізгі бөлегі Бұратала өңіріне қоныстанған. Сонымен бірге біраз бөлегі Іленің Моңғолкүре, Текес аудандарындағы шекара қарауылдығына орналасқан. Моңғолкүре, Текес өңіріндегі моңғолдар өздерін Ойраттың Өөлд тайпасының өкілдеріміз деп санайды. Олар (Моңғолкүредегілері) Куашар, Гүлшар, Ғұлшаған қатарлы үш хошын, Текесті Голан, Учу, Үлкен Учу, Куашаған, Куатұлан қатарлы 4 сұмыны (жасақ) мекендейді. Ал торғауыт-қалмақтарының басым көп бөлегі Байынғолин жерін мекен етеді. Іленің Нылқы ауданының Құжыртай ауылында, Текестің Құжырты ауылында, Моңғолкүренің Шағансу ауылында торғауыт-қалмақтар өмір сүреді.

1862-1865 жылдар аралығында Саурық, Жетен батырлар Ілені қалмақтардан тазартқан соң, Іленің әр жеріне қазақтарды көшіре бастады. Дадай бастаған Қоңырбөрік елі Үйсінтаудың оңтүстік-солтүстік бөктерін, Ешкілік тауын, одан соң Қаражонға жайғасады. Жансейіт, Өтепбай, Сүгірбай бастаған Қосқұлақ елі Текестің Қаражон, Қапсалаң, Мыңбұлақ қатарлы жерлеріне қоныстанады. Қасаболат бастаған Жарты елі Қаражон, Құштай, Көкбұлақты мекен етеді. Ал, Қожеке бастаған ауыл Құлжа маңын, Күнес, Тоғызтарау аудандарына және Шапшалдың Жалғызтай, Моңғолкүренің Қарағанды, Қонақай, Суықтоғай, Текестің Кішіқұштай қатарлы жерлеріне қоныс тебеді.

Патшалық Ресей үкіметі Саурық батырдың әр басқан қадамын андып, Ілеге өткен жолдарын хатқа түсіріп отырған. Ыстықкөлге орыс отрядының тұрақтап қалуына қарсы болған қырғыздың Балбай батыры 30 неше түтінмен албан Саурық батырдың ауылы қонған Алтынсу тауларына келіп қонды. 1867 жылы мамырда Текеске аттандырылған полковник Полтарацкий Бұғы (қырғыз) манабы Серпектің баласы Күшіктің (Кучук) жігіттерін өз отрядына жол көрсету үшін қосып алды. Полтарацкийдің бұйырыуымен есауыл Халдеевтің отряды түнде келіп, Саурық пен Балбайдың ауылын қоршап алып, Саурық пен Балбайды тұтқындайды. Полтарацкий қазақ, қырғыз ауылдарын бұрынғы қоныстанған жерлеріне күшпен қайтарып, Саурық, Балбай, Сабатыр молда және Дүрәліні Верныйға әкеліп, түрмеге қамайды. Жетісу облыстық әскери губернаторы Колпаковский оларды қатаң жазалауды ойластырады. Колпаковский Саурық пен Балбайды дала соты бойынша сұраусыз атып тастауды, ал Дүрәліні Итжеккенге айдатып жіберуді ұсынды. Осы тұста Жетісу облысы Түркістан өлкесінің құрамына енуіне байланысты Колпаковский қарауындағы қазақ, қырғыз ісі Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның құзырына өткізіледі (Галиев, 1994: 73). Кауфман қолға түскен Саурық пен Балбайды ақтау керек деген шешімге келеді. Себебі орыс әкімшілігі Саурық пен Дүрәліге ойлануға 6 ай уақыт берген болатын. Ал оларды орыс отряды 6 ай толмай жатып тұтқындағанын және орыс басшылығының сөзіне тұрғылықты халықтың сенуден қалатынын ескеріп, ақыры Саурық пен Дүрәліні 1867 жылы қазан айында қамаудан босатып жібереді.

Саурық батыр қамаудан босатылған соң патшалық Ресейге бағынбай, қайтадан Текестің Шиліөзек деген жеріне барып, күрестерін жалғастырады.

Жетісу мен Іледегі толқуларға Жетішар мемлекетінің басшысы Жақыпбектің араласуы Ақ патшаның үрейін ұшырды. Тезек төренің Жақыпбекпен байланыс орнатқаны анықталып, орыс әкімшілігі оны қамап тастайды. Бірақ қамаудан шыққан соң, Тезек төре ауылындағы адамдарды Ілеге өтуге үгіттейді. Ақ патша үкіметінің отарлау саясатына наразы болған полковник Тезек төре ақыры Іле өлкесіне 200 түтін қазақты ертіп, көшіп кетеді. Қазақстандық зерттеуші В.З.Галиев: «Тезек төренің Құлжаға көшуі 1870 жылдың басында

еді», – деп нақтылай түседі (Галиев, 1994: 74). Сол тұста Тезек төре патшалық Ресейдің Жетісудағы сенімді адамдарының бірі болды. Алайда Тезек төре де олардың тепкісіне шыдап тұра алмай, қарсылық танытты.

Жетісу жерінде патшалық Ресейге қарсы күрестер күшейе түсті, оның соңы қарулы қақтығыстарға ұласты. 1871 жылы 18 сәуірде Кегендегі Қулықтаудың етегіндегі Мойнақ деген жерде патшалық Ресейдің әскерлері мен Тазабек батырдың жасақтары арасында қарулы қақтығыс болады. Шегіне жүріп соғысқан Тазабек батыр қалың қолды бастап, 1000 түтінмен Ілеге өтеді. Оның бұл әрекеті Ақ патша үкіметінің де, Циң патша үкіметінің де алаңдаушылығын тудырды. Іледе Тазабекті қолдап отырған Әлахан сұлтанның басқа Саурық батыр, Жетен батырлар бастаған 25 мыңдай қазақ бар еді. Оңтүстіктегі Қашқар, Ақсу өңірінде Жетішар мемлекетін құрған Жақыпбек те енді Іле мен Жетісудағы қазақ, қырғыз, ұйғырлармен байланыс орнатып, одақтасуға дайындалып жатқан кезі болатын. Ақ патша үкіметі не де болса тездетіп Тазабек, Саурық, Жетен бастаған қарулы күшке соққы беруді ұйғарды. Олар алдымен 1871 жылы Қытайға қарасты Текестің Шиліөзек ауылының Суасу деген жерінде Саурық батырдың ауылына түнделетіп келіп, кенеттен шабуыл жасап, Саурық батырды және қасындағы қырғыз досы екеуін өлтіреді. Саурық батырдың сүйегін баласы Ұзақ және ел-жұрты аршадан жасалынған сырғауылға салып, үш күн бойы түнделетіп жүріп, Кегендегі атасы Түменбай жатқан жерге әкеліп жерлейді.

Колпаковский Тазабектің Ілеге өтуінің түпкі себебін оның 1871 жылы Ресей билігі кезінде поселке бастығы болып сайланбауында деп деп санайды (Донесение, 2009: 58).

Ресеймен соғысып Ілеге өткен Тазабекке 200 адаммен Әлаханның көмекке келуі жайдан-жай болмаған. Себебі Әлаханның жаяу әскері көп болғанымен, атты әскері тым аз, әлсіз еді. Оның үстіне ат-көлік жетіспейтін. Алда-жалда Чиң империясы қарымта шабуыл жасаса, Тазабек басқарған қазақтың атты жасағымен қарсы тұруды көздеді. Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковский Түркістан генерал-губернаторы Кауфманнан Тазабекті жазалау үшін рұқсат сұрап, әскери күш беруін өтінеді. Кауфман Петербургке есеп беріп, Тазабекті жазалау ісін күзге қалдырады. Алайда Тазабек пен Әлаханның біріккен жасақтары Ресей бақылауындағы бекіністерге шабуыл жасап, қиратып, Жетісуға қатер төндіргені туралы хабарды естіген Кауфман Петербургтен нұсқаулық алып, жедел бұйрық шығарып, Колпаковскийге іріктелген арнайы жасақ береді.

Жетісу облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Колпаковский Іле сұлтаны Әлаханға 1871 жылдың 3 мамырына дейін 7 күн ішінде Тазабекті ұстап беруді талап етіп, хат жазады. Бірақ Әлахан ол ұсыныстан бас тартады. Ілеге бірнеше мың түтінмен өткен Тазабек батыр қарапайым халықты Тоғызтарау мен Күнеске орналастырып, өзі соғысқа жарамды жігіттерді іріктеп, 500 атты жасақпен Әлахан бастаған ұйғыр жасағымен бірге Колпаковскийге қарсы күреске дайындалады.

Колпаковский 3 мамырда Әлаханнан жауап болмаған соң подполковник Елинский мен Ждан-Пушкиннің жасақтарын жабдықтап, соғысқа дайындайды. Ал 6-шы мамырда Ждан-Пушкин 140 казак жасағымен Кетмен асуын барлап, оның ертесі күні Тазабекті артынан қуған подполковник Елинский басқарған бір рота жаяу әскер және екі зеңбірекпен 270 казак жасағы қазақ-ұйғырдың (2,5 мың адам) біріккен жасағымен Кетпен асуының тар шатқалында бетпе-бет кезігеді. Қазақ-ұйғыр жасағы оларды қоршауға алып соққы беріп, кері шегіндіреді. Бұл жолғы соғыста Ресей әскерінен 3 адам қаза тауып, 8 адам жараланды. 1871 Жылы 14 мамырда қазақ-ұйғыр жасағы Колпаковский жасағын тағы да қоршауға алды. Колпаковский жасағы артиллериялық қарулармен тойтарыс беріп, біраз шығынға ұшыратады.

Колпаковский жасағы 1871 жылы 28 мамырда Кетпен асуында қазақ-ұйғыр қолына шабуыл жасайды. Бұл шайқаста Кетпенді Колпаковский жасағы басып алады да, қазақ-ұйғыр жасағы артқа шегініп, 31 мамыр күні таңертең 4 мың адаммен Колпаковскийдің жасағына шабуыл жасайды. Бірақ орыстың отты қаруына найза-қылышпен қарсы тұру мүмкін болмайды. Зеңбіректің оқтары бет қаратпай, шегінуге мәжбүр болады. Бұл реткі соғыста

Ресей жасағынан 35 адам ажал құшқан. Колпаковский Тазабек пен Әлаханның оңтүстіктегі Жетішар мемлекетін билеп отырған Жақыпбек күшімен байланыс жасайтынын алдын ала сезіп, подполковник Елинскийге енді Өр Текес өңіріндегі Мұзарт асуын қатаң бақылауды тапсырды.

1871 жылы 21 маусымда Әлахан Баяндайда Колпаковскийдің алдына келіп тізе бүгіп, Тазабекті ұстап беруге уәде етеді. Сонымен бірге «халқына мейірім сұрап, орыс үкіметінің еркіне бағындым» деп хабарлайды. Ары қарай ұрысты атты жасақпен Тазабек батыр жалғастырады. 1871 жылы 22 маусымда Колпаковский жасақтары Құлжа қаласына басып кіреді. Әлахан сұлтан Тазабекті Колпаковскийге ұстап береді. Тазабек батыр Колпаковский басқарған патшалық Ресей жасағымен 1871 жылдың 18 сәуірінен, 1871 жылдың 22 маусына дейін 66 күн соғысып, Тазабектің қолға түсуімен соғыс тоқтайды. Олар Тазабек батырды Алматыға әкеп түрмеге қамайды. Тазабекпен бірге Сауырық батырдың інісі Шалтабай да қамалады.

Бұл жолғы соғысқа қатысқан Колпаковскийдің жасағы 1785 адам, Тазабек пен Әлаханның біріккен қазақ-ұйғыр жасағы 4 мыңнан астам адам болған. Соғыста патшалық Ресей әскерлерінен 70 адам, Тазабек пен Әлаханның жасағынан 500 адам мерт болған. Ресей Ілені жаулап алған соң жартылай әскери губернатордың бұйрығын орындайтын хатшылық құрылды. Облыс бірнеше аудандарға бөлінді. Бастапқыда төрт аудан болды, бірақ 1874 жылы 3-ші округ жойылып, оның жері 1-ші округке біріктірілді. 1876 жылы 4-ші округ жойылды, нәтижесінде солтүстіктен оңтүстікке қарай екі аудан пайда болды (Моисеев, 2000: 28).

Колпаковский император II Александрдың тапсырмасы бойынша Әлахан сұлтанның жеке қауіпсіздігіне, оның меншігіне қол сұғылмауына және Құлжа тұрғындарына «бейбітшілік пен қауіпсіздікке» кепілдік берді. Патшалық Ресей Ілені Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Жетісу облысына қосады.

Жетісу әскери- губернаторы Колпаковский Ілені әкімшілік жақтан 4 бөлікке бөледі. Көшпелі халықтарды жергілікті басқаруы олардың тайпа көсемдеріне қалдырылды, жергілікті билеушілерді сайлау қытайлар, ұйғырлар, дүнгендер арасында өткізілді. Сұлтан Әбіл-Оғлы (Әлахан – авт.) 1871 жылы 17 шілдеде Верныйға ауыстырылды (Моисеев, 2000: 64).

Сонымен бірге Жетісу облысының әскери губернаторы жанынан «Құлжа ісі» жөнінде басқарама құрылды. Ал Іледегі бұрынғы бес болыс қазақты қайтадан үш болысқа жинақтап, Қожеке Назарұлын би сайлады. Айт-Бозым болысына Әділбек Тілесов, Қоңырбөрік болысына Кеспер Басшин, Сегізсары болысына Атабай Тоқсанбаев болыс болады.

Патшалық Ресей Іледегі халықтардың біразын Жетісуға көшірді. Жетісу аймағы – қоныс аударушылардың ең көп келген жері болды. Облысқа казактар мен шаруалардан басқа Қытайдан дүнгендер мен ұйғырлар да қоныс аудара бастады. Патша үкіметінің Іле өлкесін басып алуына байланысты (1871-1882 ж.ж.) 1877 жылы Жетісуға қоныс аударған дүнгендердің саны – 3314 адамға жетті. Бұл дүнгендердің қазақ жерлеріне өтуінің бастамасы еді. 1881 жылғы Санкт-Петербург келісім-шарты бойынша Іле өлкесі (Құлжа) Қытайға қайтарылады да, Қытайда қалу немесе Ресейдің қол астына кіру халықтың өз еркіне қалдырылады (Құдайбергенова, 2007: 32).

Ресей үкіметі 1871 жылы Тазабек оқиғасынан кейін Ілені өз меншігіне алғанымен, ұзақ уақыт ұстап тұра алмады. Іленің тау-тас, сай-саласындағы көшпелі қазақтарды түгендеп, басқарудың өзі қиындық тудырды. Оның үстіне Іледегі әскерлеріне қазақтар ұдайы шабуыл жасап, үрейін ұшырды. Осы тұста Ресей Ілені Цин патшалығына қайтару бекіміне келді. Қайтару себебін бірнеше жақтан қарауға болады. Бірінші, Ресейді билеп отырған II Александр Ілеге басып кірмей тұрып-ақ 1871 жылы сәуірде Қытай елшісіне: Біздің Батыс Қытайдың істеріне араласуымыздың мақсаты – империяның аннексияланған батыс өлкесінде қытайдың өз билігінің орнауын қалпына келтіруге көмектесу (Прохоров, 1975), – деген. Яғни

Ресей Қытайдың Шыңжаң өлкесінде Іле сұлтандығы мен оңтүстік Шыңжаңда Жақыпбек билік еткен Жетішар мемлекетінің құрылуынан қатты алаңдаған. Себебі Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарға ықпал етіп, уысынан шығарып алам ба деп қауіптенді.

1879 жылы 20 қазанда Қытай мен Ресей арасында Ливадия келісіміне қол қойылды. Шарт Ресей мен Қытай арасындағы шекараларды нақтылап, орыс әскерлерін Іле аймағы аумағынан шығару тәртібін белгіледі. Іле сұлтандығын жою туралы шартта: Келісім бойынша орыс әскерлері Іле аймағынан шығарылды (1-бап), халқына Цин үкіметі амнистия жариялады (2-бап). Ресей Іле өзені алқабының батыс бөлігін және Текес өзені алқабын «Ресей бодандығына қабылдауға ниет білдірген Іле өңірінің тұрғындарын қоныстандыру үшін», сондай-ақ Тянь-Шань арқылы өтетін Музарт асуы аймағын сақтап қалды (7-бап) (Сөздік, 1985:143). Соған қарамастан бұл келісімді Қытай императоры ратификациялаған жоқ. Сондықтан 1881 жылы 12 ақпанда Петербург шарты деп аталатын жаңа шартқа қол қойылды. Шарттың ережелері Ливадия келісімінің баптарына ішінара ұқсас болды: Іле аймағының батыс бөлігі Ресейге бекітілді (I және VII баптар). Өлкенің қалған аумағында Қытай императорының билігі қалпына келтірілді: Қытай үкіметі орыс дипломатиясының талап қоюымен мұнда көтеріліске қатысқан тұрғындарды «жеке және мүлктік жауапкершіліктен» қорғау үшін «тиісті шаралар» қабылдауға міндеттелді (II бап). Халыққа «қазіргі тұрғылықты жерінде Қытай азаматы ретінде қалуға» немесе «Ресей шекарасында жүріп-тұруға және Ресей азаматтығын қабылдауға» құқық берілді. «Іле өңірінде қытай билігі қалпына келтірілмей тұрып» халықты зерттеу жүргізілмек болды (III бап). Қытай билігі Ресейге Іле өзенін басып алу шығындарын өтеу және Батыс Қытайдағы көтеріліс кезінде мүлкі мен басқа да мүдделері зардап шеккен орыс бағыныштыларының талаптарын қанағаттандыру үшін 9 миллион рубль төлеуі тиіс болды (VI бап) (Сөздік, 1985:143).

Бірақ Чуң Худың Ресеймен жасасқан бұл келісімін Цин патшалығы сарайындағы мәнсаптылар «дипломатиялық жеңіліс» деп бағалап, келісімнің күшін жоюды талап етті. Ресеймен соғысуға дайынбыз деп жар салады. 1880 жылы Іледе Ресейдің 14 әскери батальоны бар еді. Ресейде соғысқа дайындалды. Алайда, Ливади келісімінен соң екі жақ 1881 жылы 12 ақпанда Петербургте қайтадан келісім жасасты. Бұл келісім бойынша Қытай Іле және Текес алқабындағы байтақ өңірді қайтарып алды. Ресейге 9 миллион рубль метал ақшамен төлем төледі. 1882 жылы ақпанда Ресей әскерінен Іле ресімі түрде қайтарып алынды (Қазақстанның..., 1991: 555-55).

Ресей билігі Жетісу облысы әскери губернаторы Колпаковскийдың ұсынысы бойынша Текес өзені аңғары мен Мұзарт асуын аламыз деген талабынан бас тартып, Түркістан генерал губернаторы Кауфманның ұсынысы бойынша Жаркент пен Шонжының тұсынан біраз жер қосып алатын болды. Чиң үкіметі 1882 жылдың сәуірінде Ілеге әскер кіргізді. Іледегі халықтарға санақ жүргізіп, әкімшілік бөліністер жасады. Чиң үкіметі Іледегі қазақтарды бір тәйжі, 4 ақалақшы (болыс), 24 зәңгіге қарасты етіп бөлді.

Қорытынды

Мақалада XVIII–XIX ғасырлардағы Іле өңірінің саяси-әлеуметтік жағдайы, Цин патшалығының әскери-саяси стратегиясы және қазақ халқының қос империя арасындағы күрделі қарым-қатынасы жүйелі түрде баяндалған. Цин үкіметі Іле өңірін стратегиялық маңызды аймақ ретінде қарап, әскери бекіністер салып, моңғол, тұңғұс-маньчжур қатарлы халықтарды Іленің шекарасын күзетуге әкеліп, сол арқылы билігін күшейтті. Алайда қазақтар бұл саясатқа бейімделе отырып, өз мүддесін де көздеді. Қазақ батырлары мен билері – Саурық, Жетен, Дүрәлі сұлтан, Тезек төре секілді қайраткерлер Іле өңірін қалмақтардан азат етіп, қазақ руларының қайта қоныстануына жол ашты. Сонымен қатар, олар Ресей отаршылдығына қарсы азаттық қозғалыстың басында болып, Қытай шекарасына қарай үдере көшті.

Іле өңіріндегі тараншы-дүңген көтерілістеріне қазақтардың тікелей қатысуы, ат-көлік, жасақпен көмектесуі – бұл кезеңде қазақтардың аймақтық геосаяси процестерге белсенді араласқанын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, мақала Іле өңірінің тек Цин империясы мен Ресей үшін ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының саяси тағдыры мен еркіндікті сақтап қалу жолындағы күресі үшін де аса маңызды болғанын көрсетеді. Бұл деректер отарлық кезеңнің күрделі тарихи үдерістерін ашып, қазақтардың Іле аңғарына оралуының тарихи заңдылығын дәлелдейді.

Әдебиеттер:

Wang, 1993 – Wang. For details regarding the number of Taranchis who were moved. Internal documents. 209 б.

Аристов, 1871 – *Аристов Н.* О Кульдже // Туркестанские ведомости. 15 мая 1871 г. 208 с.

Галиев, 1994 – *Галиев В.З.* Караванные тропы (Из истории общественной жизни Казахстана XVII – XIX веков). Алматы: Атамұра. 73- б.

Джамгерчинов, 1966 – *Джамгерчинов Б.* Очерк политической истории Киргизии XIX века. Фрунзе: Илим. 271 б.

Донесение, 1872 – *Донесение Г.Л.* Колпаковского о занятии Кульджинского района в 1871 г. // Русский Туркестан, вып. 3, с. 217-232 (TS, t. 58).

Жүнісұлы, 2004 – *Жүнісұлы Ж.* Тарих қойнауынан. Алматы: Жалын баспасы, 2004. 192 б.

Колпаковский, 1985 – *Колпаковский Г. А.* Воспоминания Валиханова Ч.Ч. // Собр. соч.: Т. 5. Алма-Ата, 1985. С.172.

Қазақстанның..., 1991 – Қазақстанның қысқаша тарихын жазу группасы. // Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1991. Бб. 555-556.

Құдайбергенова, 2007 – *Құдайбергенова А.И.* Қазақстандағы дүңгендер: саны мен құрамының динамикасы // Отан тарихы. №2 (38), Бб. 32-41.

Моисеев, 2000 – *Моисеев В. А.* К истории занятия Кульджинского края русскими и вопрос о его возвращении Китаю в 1870–1871 гг // Востокведные исследования на Алтае. Вып. II. Барнаул, 2000. – с. 28.

Мұқаметқанұлы, 1997 – *Мұқаметқанұлы Н.* Чиң патшалығы кезіндегі қазақ халқы. – Үрімжі: Шыңжаң баспасы. 197 б.

Пантусов, 1881 – *Пантусов Н. Н.* Сведения о Кульджинском районе за 1871-1877 годы, собранные Н. Н. Пантусовым, Казань: в Университетской типографии. с.21.

Прохоров, 1975 – *Прохоров А.А.* Кеңес-Қытай шекарасы мәселесі туралы. М.: «Халықаралық қатынастар». С. 154.

Сөздік, 1985 – Дипломатиялық сөздік / бас ред. А.А. Громыко және т.б. 4. М.: "Политиздат". В. 2. Б.502.

Сөздік, 1985 – Дипломатиялық сөздік / бас ред. А.А. Громыко және т.б. 4. М.: "Политиздат". В. 3. Б.749.

Халид, 2025 – *Адиб Халид.* Орталық Азия: Империялар отарлағаннан бастап қазіргі заманға дейінгі жаңа тарих. Caps Unlock. 2025. 520 б.

Чиң патшалығы..., 1987 – Чиң патшалығы Рын Зұң патшасының орда естелігі. Қытайша қолжазба нұсқасы, 139 том, 20-21 бб.

Шыңжаңның...1992 – Шыңжаңның жергілікті тарихы. // Үрімжі. Шыңжаң университеті баспасы. 44 б.

Іле көркі, 1990 – Іле көркі Қытайша нұсқасы. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 339 б.

Іле тарихы..., 2014 – Іле тарихы материалдары. // Құлжа: ішкі басылым, 32 том. 141 б.

References:

- Aristov, 1871 – *Aristov N.* O Kuldzhe // *Turkestanskiye vedomosti*. [Turkestan Vedomosti]. 15 maya 1871 g. 208 s. (in Rus)
- Ching patshalygy..., 1987 – Ching patshalygy Ryn Zung patshasynyng orda esteligi [The Horde memoirs of the Qing Emperor Ryn Zung. Chinese manuscript version] // *Qytaisha qolzhazba nusqasy*, 139 tom, 20-21 bb. (in Kaz)
- Doneseniye, 1872 – *Doneseniye G.L.* Kolpakovskogo o zanyatii Kuldzhinskogorayona v 1871 g. [report of G.L. Kolpakovsky on the Occupation of the Kuldzha District in 1871] // *Russky Turkestan*, vyp. 3, s. 217-232 (TS, t. 58). (in Rus)
- Dzhamgerchinov, 1966 – Dzhamgerchinov B. Ocherk politicheskoy istorii Kirgizii XIX veka [An essay on the political history of Kyrgyzstan in the 19th century] // *Frunze: Ilim*. 271 b. (in Rus)
- Galiyev, 1994 – *Galiyev V.Z.* Karavannyye tropy (Iz istorii obshchestvennoy zhizni Kazakhstana XVII – XIX vekov) [Caravan Trails (From the History of Social Life in Kazakhstan in the 17th–19th Centuries)] // *Almaty: Atamura*. 73- b. (in Kaz)
- Khalid, 2025 – *Adib Khalid*. Ortalyq Azia: Imperialar otarlagannan bastap qazirgi zamanga deiyngi zhanga tarih [Central Asia: A new history from the colonization of empires to the present day] // *Caps Unlock*. 2025. 520 b. (in Kaz)
- Kolpakovsky, 1985 – *Kolpakovsky G. A.* Vospominaniya Valikhanova Ch.Ch. [Memories of Valikhanov Ch.Ch.] // *Sobr. soch.*: T. 5. Alma-Ata, 1985. S.172. (in Rus)
- Moiseyev, 2000 – *Moiseyev V. A.* K istorii zanyatiya Kuldzhinskogo kraya russkimi i vopros o ego vozvrashchenii Kitayu v 1870–1871 gg [On the history of the occupation of the Kuldzha region by the Russians and the question of its return to China in 1870–1871] // *Vostokovednye issledovaniya na Altaye*. Vyp. II. Barnaul, 2000. – s. 28. (in Rus)
- Muqametqanuly, 1997 – *Muqametqanuly N.* Chiyng patshalygy kezindegi qazaq halqy [Kazakh people during the Qing Dynasty] // *Urimji: Shyngjang baspasy*. 197 b. (in Kaz)
- Pantusov, 1881– *Pantusov N. N.* Svedeniya o Kuldzhinskom rayone za 1871-1877 gody, sobrannyye N. N. Pantusovym [Information on the Kuldzhinsky District for 1871-1877, collected by N. N. Pantusov], *Kazan: v Universitetskoy tipografii*. s.21. (in Rus)
- Prokhorov, 1975 – *Prokhorov A.A.* Kenges-Qytai shekary maselesi turaly [About the issue of the Soviet-Chinese border] // *M.: «Halyqaralyq qatynastar»*,. S. 154. (in Kaz)
- Qazaqstannyng..., 1991 – Qazaqstannyng qysqasha tarihy. Qazaqtyng qysqasha tarihyn jazu gruppasy [Group for writing a short history of Kazakhstan] // *Urimji: Shynjang halyq baspasy* 1991. Bb. 555-556. (in Kaz)
- Qudaibergenova, 2007 – *Qudaibergenova A.I.* Qazaqstandagy dungender: sany men quramynyng dinamikasy [Dungans in Kazakhstan: dynamics of number and composition] // *Otan tarikhy*. №2 (38), Bb. 32-41. (in Kaz)
- Shyngzhngnyng...1992 – Shyngzhngnyng zhergilikti tarihy [Local history of Xinjiang] // *Shyngzhang universiteti baspasy*. Urimji. 44 b. (in Kaz)
- Sozdik, 1985 – *Diplomatialyq sozdik* [Diplomatic dictionary] / bas red. A.A. Gromyko zhane t.b. - 4. – M.: "Politizdat". V. 2. B 502. (in Kaz)
- Sozdik, 1985 – *Diplomatialyq sozdik* [Diplomatic dictionary] / bas red. A.A. Gromyko zhane t.b. - 4. – M.: "Politizdat". V. 3. B.749. (in Kaz)
- Wang, 1993 – *Wang*. For details regarding the number of Taranchis who were moved. Internal documents. 209 b.(in Eng)
- Zhunisuly, 2004 – *Zhunisuly Zhaqyp*. Tarih qoinaunyan [From the depths of history] // *Almaty: Zhalyng baspasy*, 2004. 192 b. (in Kaz)
- Ile korki, 1990 – *Ile korki*. [Ili Korki Chinese version] Shyngzhang halyq baspasy, Qytaisha nusqasy. Urimji. 339 b. (in Kaz)
- Ile tarikhy..., 2014 – *Ile tarikhy materialdary* [Materials of the history of Ili] // *Qulzha: ishki basylym*, 32 tom. 141 b.(in Kaz)

¹Жомарт Е. ²Абиденқызы А. ³Қадыл Т.

^{1,2,3}Институт востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова, Алматы, Казахстан
E-mail: ¹silas.kaz.3@mail.ru, ²sagynysh.amirbekova@mail.ru, ³taldaobekashimhan@gmail.com

ИСТОРИЧЕСКИЕ СОБЫТИЯ В ИЛИЙСКОМ РЕГИОНЕ В XVIII–XIX ВЕКАХ: ПЕРЕСЕЛЕНИЕ ЖЕТЫСУЙСКИХ КАЗАХОВ В ИЛИЙСКУЮ ДОЛИНУ И НАСТУПЛЕНИЕ ЦАРСКОЙ РОССИИ НА ИЛЕ

Аннотация. В данной статье рассматривается политическая ситуация в Илийском регионе в XVIII–XIX веках. С конца XVIII века Илийская область вошла в состав империи Цин, где сформировалась её военная и административная система, а также определилось стратегическое значение региона. Власти Цин, стремясь защитить Или, разместили здесь войска, состоявшие из различных этнических групп, установили строгий пограничный и внутренний режим заселения. Основная цель работы – исследовать политическую, этническую и военно-административную историю Илийского региона XVIII–XIX веков и показать влияние и процесс переселения казахов в этот край.

Методы исследования: Историко-хронологический метод – для поэтапного систематизирования социально-политической истории региона; источниковедческий метод – использование архивных документов, статистических материалов Российской империи, придворных хроник и официальных протоколов Цинской империи; сравнительный анализ – сопоставление трудов исследователей Казахстана, России, Китая, Европы и США; архивно-документальный и источниковый анализ – изучение записей и трудов исследователей об Илийском регионе; статистический метод – на основе переписей населения анализ этнического состава, соотношения оседлого и кочевого населения, а также количественная характеристика миграционных процессов. Задачи исследования: Охарактеризовать геополитическое положение Илийского региона; уточнить военную и административную систему Цинской империи в этом крае; определить причины и этапы переселения казахов в Илийскую долину (1830–1871 гг.); описать историю формирования Илийского султаната, его этнический состав и социально-политическую структуру; проанализировать соглашения между Российской и Цинской империями о разделе и передаче территории Или. Результаты исследования: Показана историческая судьба Илийского региона от падения Джунгарского ханства до политики колонизации Цинской империи. Раскрыты структура и функции Илийского генерал-губернаторства, методы управления и колониальная политика на основе архивных материалов. Освещены политические и этнические аспекты переселения казахов и кыргызов в Илийскую область. Систематизированы сведения о создании, составе населения и причинах распада Илийского султаната. Подтверждена роль казахов в регионе и их участие в Илийском восстании. Показана политическая динамика и земельные споры между Российской и Цинской империями. На основе источников раскрыта роль исторических личностей (Саурык, Жетен, Балбай, Дурали) в национально-освободительном движении.

Ключевые слова: Илийский регион, империя Цин, Российская империя, караульные калмыки, Илийский султанат, жетысуйские казахи, ойраты, шахарские калмыки, торгоутские калмыки, Текес.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках Программы целевого финансирования МНВО РК «Многостороннее сотрудничество Центральной Азии и Китая: от ранних этапов взаимодействия к стратегическому партнерству» ИРН: BR24993008.

¹Zhomart E. ²Abidenkyzy A. ³Kadyl T.

^{1,2,3}R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

E-mail:¹silas.kaz.3@mail.ru, ²sagynysh.amirbekova@mail.ru, ³taldaobekashimhan@gmail.com

HISTORICAL EVENTS IN THE ILI REGION IN THE 18TH–19TH CENTURIES: THE RESETTLEMENT OF THE SEMIRECHYE KAZAKHS TO ILI AND THE RUSSIAN EMPIRE’S ADVANCE ON THE ILI VALLEY

Abstract. This article examines the political situation in the Ili region during the 18th–19th centuries. From the latter half of the 18th century, the Ili area became part of the Qing Empire, where a new military and administrative system was established, emphasizing the region’s strategic importance. To secure the area, the Qing authorities deployed troops composed of various ethnic groups and enforced strict border and internal settlement policies. The main objective of the study is to explore the political, ethnic, and military-administrative history of the Ili region during the 18th–19th centuries and to reveal the influence and settlement process of the Kazakhs in this territory. Research Methods: Historical-chronological method – to systematize the socio-political history of the region by stages; source analysis – based on archival materials, Russian imperial statistical data, Qing court chronicles, and official records; comparative analysis – drawing upon the works of scholars from Kazakhstan, Russia, China, Europe, and the United States; archival and documentary methods – analysis of historical writings and records about the Ili region; statistical method – using census data to analyze the ethnic composition, the ratio of sedentary and nomadic populations, and the quantitative aspects of migration processes. Research Objectives: To describe the geopolitical situation of the Ili region; to specify the Qing Empire’s military and administrative structures in the area; to determine the causes and stages of Kazakh migration to the Ili valley (1830–1871); to outline the history, ethnic composition, and socio-political structure of the Ili Sultanate; to analyze the agreements between the Russian and Qing empires concerning the transfer and partition of the Ili territory. Research Results. The study traces the historical trajectory of the Ili region from the collapse of the Dzungar Khanate to the colonial policies of the Qing Empire. It reveals the formation, governance, and colonial practices of the Ili General Administration based on archival data. The political and ethnic dimensions of Kazakh and Kyrgyz migration to the Ili region are explored. The creation, population, and dissolution of the Ili Sultanate are systematized. The role and influence of the Kazakhs in the Ili region, particularly during the Ili uprising, are substantiated with documentary evidence. The political dynamics and territorial disputes between the Russian and Qing empires are clarified. The contributions of historical figures (Sauryk, Zheten, Balbai, Düräli) to the national liberation struggle are examined.

Keywords: Ili region, Qing Empire, Russian Empire, Kalmyk border guards, Ili Sultanate, Semirechye Kazakhs, Oirat Kalmyks, Shakhar Kalmyks, Torgout Kalmyks, Tekes

Acknowledgement: The article was prepared within the framework of the Targeted Financing Program of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “Multilateral cooperation between Central Asia and China: from the early stages of interaction to strategic partnership” IRN: BR24993008.

Авторлар туралы мәлімет:

Жомарт Ертай, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Әбиденқызы Айнұр, PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Талдаубек Қадыл, PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Жомарт Ертай, научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Абиденкызы Айнур, PhD, научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Талдаубек Кадыл, PhD, ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Author information:

Zhomart Ertai, a researcher of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Abidenkyzy Ainur, PhD, researcher of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Taldaubek Kadyl, PhD, Leading Researcher, R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan.